

Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 31 мамыр 1994 ж. N 577. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.06. N 23 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының халықаралық сауда-экономикалық, саяси және мәдени байланыстарының кеңеюіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы қоса беріліп отырған ережелер бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы ережелер 1994 жылғы 1 маусымнан күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 31 мамырдағы
N 577 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелдегі еңбек жағдайлары туралы

Ережелер

I. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер:

а) Қазақстан Республикасынан жіберілген Қазақстан Республикасының қызметкерлеріне немесе шетелде осы қызметкерлердің отбасылары мүшелерінен Қазақстан Республикасының шетелдегі бюджеттік мекемелеріне (бұдан әрі - шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері) штаттағы қызметке қабылданғандарға;

б) материалдық қамтамасыз етілуі жағынан (Қазақстан Республикасының заңдары бойынша олар үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды есепке алғанда) жағдайлары шетелдегі Қазақстан Республикасы бюджеттік мекемелерінің қызметкерлеріне теңестірілген басқа да қызметкерлерге;

в) қысқа мерзімді іссапарымен шетелге баратын мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының, мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен

мекемелердің қызметкерлеріне қолданылады.

Е с к е р т у л е р :

1. Республика қызметкерлерінің отбасылары мүшелерінен шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне сол жерде жұмысқа қабылданған штаттан тыс қызметкерлердің еңбек жағдайлары осы Ережелерге N 5 қосымшаға сәйкес реттелінеді.

2. Шетелдік кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен жасалған контрактілерге (шарттарға, келісімдерге) сәйкес шетелге жұмысқа жіберілген Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарының талаптарын орындай отырып, сол контрактілермен (шарттармен, келісімдермен) реттеліп отырады.

2. Қазақстан Республикасы заңдарының күші шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлеріне осы Ережелерде белгіленген ерекшеліктер есепке алына отырып қолданылады.

3. Қазақстан Республикасынан жіберілген Қазақстан Республикасының азаматтары және сол азаматтардың отбасылары мүшелерінен республиканың шет елдердегі мекемелеріне жұмыс істеу үшін штаттағы қызметке сол жерде қабылданғандар шетелдегі тиісті Қазақстан Республикасының мекемелеріне қатысты реттеушілік немесе жедел қызметті жүзеге асырушы министрліктердің (ведомстволардың) қызметкерлері болып саналады.

Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлерін барлық лауазымдық тағайындаулар мен ауыстырулар, шетелдегі Қазақстан Республикасының тиісті мекемелерінің бұйрығына қарамастан, аталған министрліктердің (ведомстволардың) бұйрықтарымен (өкімдерімен) ресімделеді. Олардың шетелдегі жұмысы туралы еңбек кітапшаларындағы жазбалар осы министрліктерде (ведомстволарда) жүргізіледі.

II. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері қызметкерлерінің еңбек және материалдық қамсыздандыру жағдайлары

A. Шетелге жұмысқа жіберуге ресімдеу

4. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа жіберуге ресімдеу кезінде қызметкердің Қазақстан Республикасындағы негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы сақталады.

5. Шетелге жұмысқа ресімдеу үшін Қазақстан Республикасының басқа аудандарынан Алматыға шақырылған қызметкерлерге сол қызметкерлер штатта тұратын кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары оларға ресімдеу пунктіне бару үшін іссапары куәліктерін береді.

Қызметкерлерді шақырған министрлік (ведомство) Қазақстан

Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлар туралы заңдарға сәйкес оларға 10 күнтізбелік күннен аспайтын тәуліктік ақы төлейді, жолақы құнын және тұрғын үй жалдау жөніндегі шығынын өтейді. Іссапар мерзімі министрлік (ведомство) басшылығының рұқсатымен ерекше жағдайда ғана ұзартылуы мүмкін.

Шетелге жіберілгенге дейін жұмыс істемеген және жалақы алмаған (жас мамандар және т. б.) адамдарға жалақы, тәуліктік ақы төлеу мен тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындарды өтеу қызметкер тағайындалған лауазым бойынша сәйкес келетін сол министрлік (ведомство) жүйесінде белгіленген лауазымдық еңбекақысына (тарифтік ставкасына) қарай жүргізіледі. Бұл адамдарды ресімдеу пунктінде ұстауға байланысты шығындарды оларды шетелдегі жұмысқа ресімдеу үшін жіберген министрлік (ведомство) көтереді.

Ресімдеу пунктінде дәлелсіз себептермен кідіріп қалған жағдайда жалақы мен тәуліктік ақы төленбейді және тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындар өтелмейді.

Б. Шетелге жұмысқа жіберу

6. Шетелге жұмысқа жіберілген қызметкерлермен Қазақстан Республикасындағы жұмыс орны бойынша, еңбек демалысы қоса есептеліп, толық есеп айырысады.

Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа тағайындалғанға дейінгі уақыты үшін қызметкерді шақырған министрлік (ведомство) оған негізгі жұмыс орны бойынша алып жүрген орташа еңбекақысын төлейді, сондай-ақ осы Ережелердің 10-тармағының "г" және "е" тармақшаларында белгіленген нормалар бойынша жолақы, тұрғын үй жалдау мен қол жүгін тасу жөніндегі шығындарын (отбасы мүшелеріне шығындарды қосқанда) өтейді.

7. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілген қызметкерлерге жолақы қызметке тағайындалған күннен бастап шекараны кесіп өткенге дейін теңгемен (қызметкер тағайындалған лауазым бойынша белгіленген үстемемен бірге теңгемен еңбек ақысының 100 проценті есебінен), ал шекараны кесіп өткен күннен бастап - осы Ережелердің 15-тармағына сәйкес теңгемен және шетел валютасымен төленеді.

Е с к е р т у :

Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақысына теңгемен белгіленген климаттық және дербес үстеме ақылары шетелге жұмысқа жіберілгенде Қазақстан Республикасының аумағында жүрген кезіне көтерме жәрдемақы мен жалақы есептегенде еске алынбайды.

Демалыс, іссапары кезіндегі және басқа жағдайларда жалақы (зейнетақы тағайындаудан басқа) климаттық және дербес үстемелер қосылып, нақты алған үстеме ақылары ескеріле отырып есептелінеді. Бұл ретте климаттық үстемеақы нақты алған лауазымдық еңбекақының 50 проценті мөлшерінде теңгемен е с е п т е л е д і .

8. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне кемінде бір жыл мерзімге жұмысқа жіберілген адамдарға көтерме жәрдемақы қызметкердің тағайындалған лауазымы бойынша:

теңгемен - белгіленген үстемелерімен қоса теңгемен лауазымдық еңбекақысының 100 проценті мөлшерінде<*>;

Ескерту. Осы Ережелердің 7-тармағындағы ескерту ескеріледі. шетел валютасымен - лауазымдық еңбекақысының 50 проценті мөлшерінде шетел валютасымен төленеді.

Көтерме жәрдемақыны қызметкердің шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне лауазымдық қызметке тағайындалғаны туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін теңгемен, ал шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі бойынша тиісті бұйрық шығарылған соң министрлік (ведомство) шетел валютасымен төлейді.

Отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы әр адамға есептік көрсеткіш мөлшерінде теңгемен төленеді.<*>

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09. N 987 қаулысымен .

9. Шетелдегі жұмыс орнына бара жатқан кезде жол үстіндегі уақыты үшін қызметкерге тәуліктік ақы мынадай тәртіппен:

а) республика аумағы бойынша жүргенде - Қазақстан Республикасы шегіндегі іссапарларға ақы төлеу туралы заңдарда белгіленген нормалар бойынша - т е ң г е м е н ;

б) шетел аумағы бойынша жүргенде - қызметкер жіберілген елдің Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінде жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасынан жіберілген қызметкерлерге белгіленген нормалар бойынша - шетел валютасымен төленеді. Бұл ретте осы Ережелердің қосымшасына сәйкес қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін белгіленген үстеме ақылар төленеді.

Егер қызметкер шетел аумағындағы жол үстінде қызмет бабындағы тапсырманы орындау үшін немесе оған байланысты емес басқа да себептермен тәуліктен астам мерзімге кідірсе, онда оған кідірген уақытына тәуліктік ақы іссапар ақысы төленетін ел үшін белгіленген нормалар бойынша шетел валютасымен төленеді.

Жол үстінде қызметкер немесе қызметкермен бірге келе жатқан отбасының

мүшесі ауырып қалған және өзгелердің көмегінсіз қала алмайтын жағдайда, осыған байланысты амалсыз кідірген уақыты үшін қызметкерге тәуліктік ақы төленеді, бірақ ол төрт айдан аспайды.

Қазақстан Республикасынан шетелге бара жатқан қызметкердің жол үстінде шекараны кесіп өткен күні шетел валютасымен тәуліктік ақы төленетін күндерге енеді, ал шет елден Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткен күні тәуліктік ақы теңгемен төленетін күндерге енеді.

Шетелге бара жатқан қызметкерлердің сомдық аймақ шекарасынан өткен күні және Қазақстан Республикасына оралған күні қызметкердің шетелдік паспортына соғылған белгі бойынша анықталады.

Қызметкердің отбасы мүшелеріне жұмыс орнына бару мен кейін қайту уақыты үшін тәуліктік ақы қызметкердің өзі үшін көзделген тәртіппен төленеді, отбасының кәмелетке жетпеген мүшелеріне тәуліктік ақы белгіленген нормалардың 50 проценті мөлшерінде төленеді.

10. Отбасы мүшелерінің (қызметкердің отбасы мүшелеріне: әйелі, күйеуі, 18 жасқа дейінгі және 18 жастан асқан еңбекке жарамсыз балалары жатады) жол шығындарын қоса есептегенде, шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа жіберілген қызметкерлердің мынадай шығындары:

а) әуе, темір жол және су көлігімен жүруге:

шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің басшылары мен олардың орынбасарларына - 1-ші класты тариф бойынша;

қалған барлық қызметкерлерге - 2-ші тариф бойынша (ұшақтарда - экономикалық класс тарифі бойынша, кемелерде - туристік класс тарифі бойынша) өтеледі.

Аталған көлік түрлерімен жүзу кезінде әуе айлағы, сақтық, комиссиялық және жергілікті алымдарды төлеу жөніндегі шығындар өтеледі.

Е с к е р т у л е р :

1. Қазақстан Республикасы министрлігінің (ведомствосының) рұқсатымен аталған көлік түрлерімен жүру жөніндегі шығындары 1-ші кластық тариф бойынша басқа қызметкерлерге де өтеліне алады.

2. Егер жолаушылар кемелері каюталарының жіктелуі санаттармен белгіленсе, онда бірінші, екінші және үшінші санаттағы каюталар - 1-ші класты, ал басқа санаттағы каюталар - 2-ші класты (туристік) каюталар болып есептеледі.

3. Елде 2-ші класты вагондар (ал кемелерде - каюталар) болмаған жағдайда шығындар 1-ші кластық тариф бойынша өтеледі.

4. Азия мен Африка елдерінің темір жолдары бойынша жүру құны барлық қызметкерлерге 1-ші кластық тариф бойынша өтеледі.

5. Қазақстан Республикасының елшілері отбасы мүшелерінсіз жол жүрсе, оларға жол шығыны жеке екі орындық купе немесе екі орындық каюта бойынша

ө т е л е д і ;

б) вокзалға, әуе айлағына немесе су айлағына баруы, сондай-ақ жөнелту, бағыттау, қайта отырғызу (қызметкерге тегін жүру құралдарын беруден басқа) орындарындағы вокзалдан, әуе айлағынан немесе су айлағынан жүруі жөніндегі шығындары ;

в) жазық, тас төселген жолдар мен су өткелдері арқылы жүрген шығындары;

г) қызметкер мінген көлік түрінің билеті бойынша тегін алып жүруге болатын қызметкердің өзіне және отбасының әрбір мүшесіне 80 килограмнан аспайтын, багаж санына қарамастан, отбасына шаққанда жалпы салмағы 240 кг жүк алып жүрген шығындары ;

д) қызметкерге және оның отбасы мүшелеріне шетелдік паспорттар мен қолтаңбалар алуына, сондай-ақ паспорттарының тіркелуі үшін жұмсалған шығындары ;

е) шекаралық пункттерді қоса, Қазақстан Республикасының аумағына жол үстінде амалсыз кідірген жағдайда, Қазақстан Республикасының шегінде қызмет бабындағы іссапарлар кезінде тұрғын үй жалдау үшін белгіленген нормалар бойынша, бірақ 5 күннен аспайтын, тұрғын үй жалдаған шығындары;

ж) шетел аумағы бойынша жол үстінде амалсыз кідірген жағдайда, тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындар - нақты шығындар мөлшерінде, бірақ қызметкер үшін белгіленген шекті нормалардан аспайтын және оның отбасына осы нормалардың 50 проценті мөлшерінде өтеледі, бұған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындарын белгіленген шекті нормаларға қарамастан, нақты шығындары бойынша рұқсат етілген қызметкерлердің жекелеген санаттары кірмейді. Қазақстан Республикасының сол елдегі елшісінің (өкілінің) рұқсатымен жекелеген жағдайларда үй жалдау жөніндегі шығындар белгіленген шекті нормалардан артық мөлшерде төленуі мүмкін. Егер сол елде Қазақстан Республикасының Елшілігі болмаса немесе ол басқа қалада орналасса, онда қызметкердің аталған шығындары Қазақстан Республикасының тиісті министрлігі (ведомствосы) басшылығының рұқсатымен өтеліне алады.

Жол үстінде дәлелсіз себептермен кідірген уақыты үшін жалақы, тәуліктік ақы төленбейді және тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындар өтелмейді.

Жол үстінде кідіру қажеттілігі (9-тармақтың "б" тармақшасы, 10-тармақтың "е" және "ж" тармақшалары) шетелдегі Қазақстан Республикасының тиісті мекемесінің, ал ондай мекеме болмаған жағдайда - кідіріс жасалған сол елдің тиісті мекемесінің анықтамасымен расталуы тиіс.

11. Қызметкердің отбасы мүшелері одан жеке дара шетелге көшкен жағдайда, олардың көшіп келуі жөніндегі барлық нақтылы шығындары (соның ішінде

жүкті алып жүру және жолда аялдаған жерінде тұрғын үй жалдау шығындары) оған қызметкердің өзі үшін белгіленген нормалар бойынша төленеді.

Отбасы мүшелері су көлігімен жолға шыққанда билеттің бағасына қосылған тамақтың құны қызметкерлерге билет құнының 10 проценті мөлшерінде өтеледі.

12. Қызметкердің, сондай-ақ оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасынан шетелге көшу және Қазақстан Республикасына кері қайту жол шығындары бір-ақ рет (қызметкерді шетелге жібергенде және оны Қазақстан Республикасына қайтарғанда) өтеледі, ал ерекше жағдайларда, ауыр сыртқы немесе басқа да кезек күттірмейтін себептерге байланысты қызметкердің немесе оның отбасы мүшелерінің келген елден Қазақстан Республикасына бару қажеттігіне орай - Қазақстан Республикасы министрлігі (ведомствосы) басшылығының рұқсатымен өтеледі.

13. Осы Ережелердің 10 және 11-тармақтарында көрсетілген шығындар оны растайтын құжаттарды (есеп қағаздары, квитанциялар, жол билеттері және т.б. 10-тармақтың "д" тармақшасында көрсетілген шығындардан өзгесі) қызметкер тапсырған соң белгіленген нормалар бойынша өтеледі.

В. Шетелде қызмет ауыстырылуы

14. Қызметкерді бір елден екінші елге қызметке ауыстырғанда, жол үстінде жүрген уақыты үшін жалақысы шекарадан өткенге дейін (ол бара жатқан елдің) бұрынғы атқарған лауазымы бойынша, ал шекарадан өткен күннен (сол күнді қоса) бастап тағайындалған лауазымы бойынша төленеді.

Қызметкерді бір елден екінші елге немесе сол елдің ішінде бір жұмыстан екінші жұмысқа ауыстырған кезде тәуліктік ақы мен жол жүруге байланысты шығындары Қазақстан Республикасынан шетелге жіберілген қызметкерлерге арналған осы Ережелердің 9-13-тармақтарында көзделген тәртіппен өтеледі.

Бір елден екінші елге жұмысқа ауыстырылған кезде көтермелік жәрдемақы, соңғы жәрдемақы алған мерзіміне қарамастан, қызметкер жұмысқа ауысқан елдің валютасымен жаңа лауазымы бойынша еңбекақысының 25 проценті мөлшерінде ш е т е л в а л ю т а с ы м е н т ө л е н е д і .

Сол елдің ішінде бір жерден екінші жерге ауыстырылған кезде көтермелік ж ә р д е м а қ ы т ө л е н б е й д і .

Егер қызметкер бір елден екінші елге жұмысқа ауысқан кезде, әкімшіліктің ұйғарымы бойынша, жаңа қызметке байланысты мәселелерді шешу үшін немесе еңбек демалысын өткізу үшін Алматыға келуі керек болса, Қазақстан Республикасында болған уақыты үшін жалақы осы Ережелердің 27 және 29-тармақтарына сәйкес төленеді. Жол жүру шығындары Ережелердің 9-13-

тармақтарында көзделген тәртіппен өтеледі.

Г. Еңбекке ақы төлеу

15. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілген қызметкерлердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан жіберілген қызметкерлердің отбасы мүшелерінен шетелде штаттық қызметке қабылданғандардың еңбегіне ақы белгіленген еңбекақылар мен оларға қосылатын үстемелерге қарай теңгемен және шетел валютасымен төленеді, бұл ретте, қызметкердің қарауындағы отбасы мүшелерінің бар-жоғына қарамастан, лауазымдық жалақылар 100 процент мөлшерінде шетел валютасымен төленеді.

Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасы болатын штаттағы лауазымдарға жұмысқа жіберілген қызметкерлерге еңбекақы жұмыс атқарған уақытына қарай төленеді. Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің отбасы мүшелерінен шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне сол жерде штаттық қызметке қабылданған қызметкерлерге де еңбекақы дәл осындай тәртіппен төленеді.

Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің жекелеген қызметкерлеріне теңгемен берілетін жалақы лауазымдық ақылар схемасында көзделген өзгеше тәртіппен белгіленген жағдайда, бұл қызметкерлердің демалыс, іссапары кезіндегі жалақысы, көтермелік жәрдемақысы, тәуліктік және басқа да төленетіндері шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелерінде тиісті лауазымдық қызмет атқаратын қызметкердің лауазымдық еңбекақыларына қарай теңгемен есептеледі.

Шетел тілдерін білетін және олардың күнделікті практикалық жұмыста қолданатын қызметкерлер үшін белгіленген үстеме ақылар, дипломатиялық пендері үшін үстемелер, сондай-ақ климаттық үстеме ақылар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен белгіленген тәртіппен мөлшер бойынша теңгемен төленеді.

Климат жағдайы ауыр елдердегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері үшін теңгемен алатын лауазымдық ақыларына 50 процент үстеме белгіленген осы Ережелердің N 2 қосымшасында көрсетілген.

Осы Ережелердің 9-тармағында аталған жағдайларда жолда кідірген уақыты үшін жалақы Қазақстан Республикасының төлем жасалатын елдегі мекемелерде тиісті лауазым бойынша белгіленген еңбекақыға қарай шетел валютасымен төленеді.

Толық емес ай үшін теңгемен және шетел валютасымен берілетін жалақы айлық ақысына белгіленген үстемелермен бірге және сол айда нақтылы жұмыс атқарылған күндердің санына қарай айқындалады.

Қазақстан Республикасының отбасы мүшелері шетелде жұмыс істейтін отағасына қонаққа келгенде, оның лауазымдық еңбекақысы өзгермейді.

16. Шетелдегі қызметкерлерге жалақы шетел валютасымен айына бір-екі рет т ө л е н е д і .

Қызметкердің қалауы бойынша жалақысы теңгемен тиісті ұйым (мекеме, кәсіпорын) арқылы Қазақстан Республикасының аумағындағы жинақ банкісіндегі ағымдағы есеп шотына аударылады немесе қызметкердің сенім хаты бойынша ұйым (мекеме, кәсіпорын) тарапынан беріледі.

17. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері қызметкерлерінің жалақысынан сот шешімдері және сөзсіз өндіріп алу төлемдері бойынша ұсталымдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері қызметкерлерінің жалақысынан Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың пайдасы үшін ұсталуға тиісті алименттер үстеме ақыны қоса теңгемен лауазымдық еңбекақысының 200 проценті есебінен шығарылады. Шетел валютасымен берілетін жалақыдан алименттер теңгемен есептеліп, ұсталуға тиіс.

Д. Жұмыс уақыты мен демалыс уақыты

18. Шетелдегі Қазақстан Республикасының әрбір мекемесінің ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сол министрліктерде (ведомстволарда) қолданылып жүрген ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес және шетелдегі жұмыс жағдайларына лайықталып келген елдегі Қазақстан Республикасының тиісті мекемелері басшыларының ұсынысы бойынша министрліктер (ведомстволар) белгілейді.

19. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері үшін жұмыс уақыты мен демалыс уақытының (соның ішінде мерекелік күндер) ұзын-ырғасы Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес б е л г і л е н е д і .

Демалыс күндері жергілікті жағдайларға лайықталып белгіленуі мүмкін.

Материалдық қамтамасыз етілуі жағынан шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлеріне теңестірілген қызметкерлер үшін жұмыс уақыты мен демалыс уақыты (соның ішінде жыл сайынғы мерекелік күндер) келген елдің еңбек туралы заңдарына сәйкес белгіленеді.

Осы Ережелердің N 3 қосымшасында көрсетілген климаты ыстық және ылғалды болатын елдердегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері үшін алты сағаттық жұмыс күні белгіленеді.

N 3 қосымшада көрсетілмеген климаты ыстық және ылғалды елдерде

Қазақстан Республикасының мекемесі жұмыс істеген немесе жаңадан ұйымдастырылған жағдайларда жұмыс күнінің ұзын-ырғасы туралы мәселені Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен және Кәсіподақтар Федерациясының Кеңесімен келісе отырып Сыртқы істер министрлігі шешеді.

20. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі әкімшілігінің кәсіподақ комитетімен келісуі бойынша жалпы ереже түрінде де, сол сияқты жекелеген уақыт аралығында қызметкерлердің кейбір санаттары үшін кезеңдер бойынша (екі апталық, айлық және т.б., бірақ бір тоқсаннан аспайтын) жұмыс уақытының жиынтық есебі белгіленуі мүмкін, бұл ретте есепті кезеңдегі жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы сол кезеңге келетін жұмыс сағатының қалыпты санынан аспауы керек.

Ішкі еңбек тәртібі ережелеріндегі жұмыс уақытының жиынтық есебінде жекелеген жұмыс күндеріне жұмыс уақытының шекті ұзақтығы белгіленуі тиіс.

21. Қазақстан Республикасының Кәсіподақтары Федерациясының Кеңесімен келісім бойынша тиісті министрлік (ведомство) бекіткен тізбелерде көрсетілген лауазымдарды атқаратын қызметкерлер үшін нормаланбаған жұмыс күні белгіленеді.

22. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріндегі жұмысшылар мен қызметшілердің сол мекеме үшін белгіленген жұмыс күні аяқталғаннан кейінгі кезекшілігі демалыс және мереке күндері тек ерекше жағдайларда және Қазақстан Республикасының мекемесі кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша ғана енгізілуі мүмкін.

Жұмыс күні аяқталған соң кезекшілікке тартылған жағдайда қызметкерлер үшін кезекшілікте болу күні жұмысқа келуі нормаланған жұмыс күнінде де, сондай-ақ нормаланбаған жұмыс күнінде де кештеу уақытқа көшіріледі. Кезекшілікте болу уақыты заңмен белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығынан аспауы керек.

Демалыс және мереке күндеріндегі кезекшілікте болу таяудағы екі апта ішінде сол кезекшілік уақытының ұзақтығындай демалыс беріліп, жоғарыда аталған күндерге ақы төленбей, өтеледі.

23. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлеріне жыл сайынғы төленімді еңбек демалыстары мынадай ұзақтықта:

а) елдерде - бұрынғы ССРО республикаларында, еуропалық елдерде, АҚШ пен Канадада - 24 жұмыс күні;

б) қалған елдерде - осы Ережелердің N 4 қосымшасына сәйкес беріледі.

Аталған ұзақтықта еңбек демалысын алуға құқық беретін жұмыс мерзімі қызметкердің шетелдегі тағайындалым орнына қарай жолға шыққан күнінен бастап есептеледі.

Демалыс берілу кезегін шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемесінің кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша әкімшілік белгілейді.

Қызметкер жұмыстан шығарылып, еңбек демалысын пайдаланбағаннан басқа жағдайларда, еңбек демалысына ақшалай өтем жасауға жол берілмейді.

24. Еңбек жағдайы зиянды жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес белгілеген қосымша еңбек демалысын алуға құқығы бар.

25. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің кәсіподақ комитетінің келісім бойынша шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемесінің қызметкерлеріне еңбек демалыстарын қосып алуға рұқсат етіледі, бірақ ол екі жылдың есебінен артық болмауы керек.

26. Қызметкер бір елден екінші елге ауыстырылған жағдайда кезекті және қосымша, сондай-ақ жиынтық еңбек демалыстары Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері үшін сол елдердің әрқайсысында белгіленген еңбек демалысының ұзақтығына қарай, әр елде болған уақытына орай жаңа жұмыс о р н ы н д а б е р і л е д і .

27. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері еңбек демалыстарын кез келген елде пайдалануға құқығы бар.

Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері қызметкерлерінің демалыс уақытына лауазымдық еңбекақысының 100 проценті мөлшерінде белгіленген үстемелермен қоса шетел валютасымен және теңгемен төлем ж а с а л а д ы .

Е с к е р т у :

Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің сырттай оқу орындарында оқитын қызметкерлеріне есепке жатқызулар (зачеттар) мен емтихандар тапсыру үшін, сондай-ақ диплом жобасын (жұмысына) дайындау және қорғау үшін қосымша демалыс берілген жағдайда үстеме ақыларын қоса, лауазымдық еңбекақысының 200 проценті есебінен жалақысы тек теңгемен сақталады.

Қызметкерге Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекенінен оқу орны орналасқан пунктке дейін және кері қайтуына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде жолақысы төленеді.

28. Демалыстарын өткізу үшін Қазақстан Республикасына және ТМД елдеріне жол жүргенде қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне күнтізбелік жылда бір рет жұмыс орнынан тұрақты тұратын жеріне дейін жол жүру құны және тұрақты тұратын жерінен шетелдегі жұмыс орнына дейін қайта келу құны осы Ережелердің 10-тармағында белгіленген нормалар бойынша шетел валютасымен және теңгемен төленеді, бұған жүк тасымалдау мен тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындар кірмейді. Шетел авиакомпаниясы ұшағының рейсімен "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының ұшағы

рейсінің сәйкес келмеуіне байланысты ауысып отыратын жерде кідірген күндері үшін (авиакомпания тегін тұрғын орын бермеген жағдайларда) шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі басшысының шешімімен осы Ережелердің 10-тармағындағы "ж" тармақшасында көрсетілген нормалар бойынша тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындары төленуі мүмкін. Бұл ретте ұшақтардың таяудағы рейстері ғана қаперге алынады.

Еңбек демалысын үшінші елде немесе өзі келген елде өткізгенде жұмыс орнынан демалыс өткізу мекеніне дейін және одан қайта оралуына жол жүру ақысы төленбейді.

Еңбек демалысына бара жатқанда (Қазақстан Республикасына және ТМД елдеріне) жұмыс орнынан шыққан күннен бастап және еңбек демалысынан қайтқанда шетелдегі жұмыс орнына оралған күнге дейінгі жол үстінде өткен уақыты үшін қызметкерге тәуліктік ақы осы Ережелердің 9-тармағында белгіленген тәртіппен төленеді, бірақ бұл Алматы қаласына дейін және кері қайту жолына төленетін жол ақысынан артық болмауы тиіс.

Еңбек демалысына бара жатқанда су көлігіне отырған жағдайда, билет бағасына енгізілген тамақ құны қызметкерге билет құнының 10 проценті мөлшерінде өтеледі.

Шетелдегі жұмыс орнынан Алматыға және кері қайту бағыты бойынша жолға қажетті уақытынан аспайтын қызметкерлердің жол үстіндегі уақыты еңбек демалысының мерзіміне кірмейді.

Е с к е р т у :

Шетелдегі Қазақстан Республикасы елшіліктерінің жанындағы мектептердің мұғалімдеріне еңбек демалыстары аяқталған соң оқу жылы басталғанға дейінгі уақытқа жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

29. Мекеменің әкімшілігі мен қызметкердің келісуі бойынша тиісті министрліктің (ведомствоның) рұқсатымен еңбек демалысы Қазақстан Республикасына баратын іссапарға қосыла берілуі мүмкін.

Мұндай жағдайда шетелден Қазақстан Республикасына (шекараны кесіп өткенге дейін) және кері қайтардағы жол үстіндегі уақыты үшін қызметкерге жалақы мен тәуліктік ақы төленеді, сондай-ақ іссапарға жіберілгені ретінде (Ережелердің 55 және 58-тармақтары) басқа да шығындары өтеледі.

Қызметкердің Қазақстан Республикасында пайдаланған демалысына іссапары қосылып берілген жағдайда тәуліктік ақы төлеу және шетелден Қазақстан Республикасына және кейін қайту жолында жүрген уақыты үшін шығындарды өтеу демалысқа бара жатқан қызметкер ретінде жүргізіледі (Ережелердің 27 және 28 - тармақтары) .

Демалысы іссапарға, сондай-ақ іссапары демалысына қосылып берілген жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында іссапарда жүрген кезіндегі

уақыты үшін шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері қызметкерлерінің жалақысы шетел валютасымен және теңгемен сақталады, тәуліктік ақы төленеді, сондай-ақ іссапарға жіберілген адам ретінде басқа да шығындары өтеледі (Ережелердің 58-ші тармағы).

Мұндай жағдайда демалыс уақыты үшін ақы Ережелердің 27-ші тармағына сәйкес төленеді.

30. Шетелдегі Қазақстан Республикасының бір мекемесінен екіншісіне ауыстырылған қызметкерлерге (Қазақстан Республикасы мекемелерінің ведомстволық бағыныштылығына қарамастан) пайдаланбаған демалысы үшін өтем жасалмайды. Жаңа жұмыс орны бойынша демалыс жұмыс істеген уақыты мен бұрынғы жұмыс орны бойынша демалысының ұзақтығы ескеріле отырылып беріледі.

31. Қызметкерді шетелден Қазақстан Республикасына кері қайтарған кезде шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі пайдаланылмаған демалысы үшін қызметкермен ешқандай есеп айырысу жасамайды.

Мұндай жағдайда шетелден қайтарылып, қарауына келген қызметкерге министрлік (ведомство) осы Ережелердің 23 және 24-тармақтарында белгіленген демалысының ұзақтығына қарай шетелде жұмыс істеген уақытына пара-пар пайдаланылмаған демалысын беруге міндетті. Демалыс уақыты үшін ақы белгіленген үстемелерімен бірге шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіндегі соңғы лауазымы бойынша теңгемен еңбек ақысының 200 проценті есебінен төленеді. Қызметкер жұмыстан босатылғанда министрлік (ведомство) пайдаланылмаған демалысы үшін оған осындай тәртіппен ақшалай өтем жасайды.

32. Қазақстан Республикасынан жіберілген қызметкерлердің отбасы мүшелерінен тікелей шет елде штаттық лауазымдарға жұмысқа қабылданған адамдар сол жерде Қазақстан Республикасына кетпей тұрып та, кеткенде де жұмыстан босатылғанда, Қазақстан Республикасына оралысымен оларға осы Ережелердің 31-тармағында белгіленген тәртіппен пайдаланылмаған демалысы үшін теңгемен өтем жасалады.

Е. Жоқ қызметкерлердің жұмысын қоса атқару және орнында істеу

33. Шетелдегі Қазақстан Республикасының басқа бір мекемесінде қоса атқару тәртібімен жұмыс істеуге, сондай-ақ уақытша болмаған қызметкерлердің орнында жұмыс істеу үшін қызметкерді басқа мекемеге ауыстыруға - қызметкерді шетелге жіберген министрліктің (ведомствоның) және басқа да тиісті министрліктің (ведомствоның) рұқсатымен ерекше жағдайда ғана

ж о л б е р і л е д і .

Жұмысты қоса атқарған, сондай-ақ уақытша болмаған қызметкердің орнында істеген кезінде еңбекақы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген т ә р т і п п е н т ө л е н е д і .

34. Шетелдегі Қазақстан Республикасының бір мекемесінен сол елдің басқа бір қаласындағы екінші бір мекемеге қызметкерді жұмысқа уақытша ауыстырған жағдайда қ ы з м е т к е р г е :

а) Қазақстан Республикасынан шетелге жұмысқа жіберілген адамдар үшін белгіленген нормалар бойынша жұмыс орнына дейінгі және қайтар жолдағы у а қ ы т ы н а т ә у л і к т і к а қ ы ;

б) Қазақстан Республикасынан шетелге іссапармен жіберілгендер үшін белгіленген нормалар бойынша жол жүру құны;

в) егер қызметкерге тегін тұрғын үй берілмесе, осы Ережелердің 10-шы тармағындағы "ж" тармақшасына сәйкес уақытша жұмыс істеген орнында тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындары төленеді.

**Ж. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, медициналық
көмек және қамсыздандырудың басқа да түрлері
бойынша жәрдемақылар Уақытша еңбекке жарамсыздығы
кезіндегі қамсыздандыру**

35. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа жіберілген Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ олардың шетелде штаттық қызметке қабылданған отбасы мүшелері шетелде тұрған кезінде, сондай-ақ шетелде іссапармен жүрген кезінде уақытша еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда, еңбекке жарамсыз болған барлық уақытына, бірақ төрт айдан аспайтын уақытқа жалақы алады.

Егер қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығы төрт айдан артыққа созылса және ол денсаулық ахуалы бойынша Қазақстан Республикасына бара алмайтын болса (көлікке жарамсыз) онда Қазақстан Республикасына жіберу мүмкіндігі туралы дәрігерлердің шешіміне дейін емдеу мекемесінде болған барлық уақыты үшін оған жалақысы теңгемен және шетел валютасымен төленеді .

Егер уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты қызметкер Қазақстан Республикасына қайтарылса немесе қайтарылған қызметкер Қазақстан Республикасында ауырып қалса, онда оған осы Ережелердің 36-тармағындағы белгіленген нормалар бойынша уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша ж ә р д е м а қ ы т ө л е н е д і .

36. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері

іссапарда немесе Қазақстан Республикасы аумағында еңбек демалысында жүрген кезеңде, сондай-ақ демалыста жүрген кезеңде уақытша еңбекке жарамсыз болып қалса, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген нормалар бойынша үстемелерін қосқанда теңгемен лауазымдық еңбекақысының 175 проценті есебінен, ал егер қызметкердің қарауындағылар шетелде тұрса, үстемелерімен бірге сол еңбек ақысының 150 проценті есебінен уақытша еңбекке жарамсыздығы жөнінде теңгемен жәрдемақы алады.

Мұнымен қатар осы қызметкерлерге, үстемені қосқанда, шетелдегі жұмыс орны бойынша алатын лауазымдық ақысының 25 проценті мөлшерінде шетел валютасымен, ал қызметкердің қарамағындағылар шетелде тұрса - үстемемен қоса сол еңбек ақының 50 проценті мөлшерінде шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемесінің қаражаты есебінен шетел валютасы бойынша жалақы т ө л е н е д і .

Егер қызметкер шетелде еңбекке жарамсыз болып қалып, бірақ уақытша Қазақстан Республикасына емдеуге жіберілген жағдайда да осындай тәртіп қ о л д а н ы л а д ы .

37. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа жіберілген кезде немесе қызметкерді қайтаруға байланысты Қазақстан Республикасына келе жатқанда, шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемесінің қызметкерлері Қазақстан Республикасында немесе басқа елдерде іссапармен жүргенде, сондай-ақ еңбек демалысына бара жатқанда немесе еңбек демалысынан шетелдегі жұмыс орнынан келе жатқанда шетел аумағы бойынша жол үстінде ауырған уақыты үшін қызметкердің ауырған күнге дейін алып жүрген жалақысы с а қ т а л а д ы .

Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа жіберілген кезде немесе қайтарылғанына байланысты келе жатқанда Қазақстан Республикасының аумағы мен шетел аумағы бойынша жол үстінде ауырған уақыты үшін қызметкерге осы Ережелердің 36-тармағында көзделген тәртіппен ж ә р д е м а қ ы т ө л е н е д і .

Жол үстінде еңбекке жарамсыз болып қалған уақыты үшін қызметкерге (шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіне жұмысқа бара жатқанда және Қазақстан Республикасынан шетелге іссапармен жолға шыққанда) тәуліктік ақы төленеді және тұрғын үй жалдау жөніндегі нақты шығындары өтеледі. Өзінің ауырғанына немесе өзімен бірге келе жатқан отбасы мүшелерінің бірі ауырып, оны көмексіз қалдыра алмайтынына байланысты жол үстінде амалсыз аялдауға тура келгенде, шетел аумағында тұрғын үй жалдау жөніндегі нақты шығындар шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілгендер үшін белгіленген нормалар бойынша (10-шы тармақтың "ж" тармақшасы), ал Қазақстан Республикасының аумағында - Қазақстан Республикасының шегінде

қызмет бабындағы іссапарларға төлемдер жасау туралы заңдарда белгіленген нормалар бойынша өтеледі.

Аталған тәртіп шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасына қайтарған кезде, сондай-ақ сол қызметкерлерді шетелге іссапарларға жіберілген кезде қолданылады.

Шетелде ауырғаны шетелдегі Қазақстан Республикасы тиісті мекемесінің, ал ондай жоқ болғанда, науқастықтан бөгелген елдің тиісті мекемесінің анықтамасымен расталуы тиіс.

38. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілген әйелдерге, сондай-ақ шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілген қызметкерлердің отбасы мүшелерінен сол жерде штаттағы қызметке қабылданғандарға жүктілігі және босануы жөніндегі демалыс, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ұзақтықта, бүкіл демалыс кезеңінде олардың алатын жалақысы сақтала отырып, беріледі.

Олар жүктілігі және босануы жөніндегі демалыс кезеңінде Қазақстан Республикасына келген жағдайда жәрдемақы осы Ережелердің 36-тармағында көзделген тәртіп бойынша теңгемен беріледі.

Медициналық көмек және қамсыздандырудың басқа да түрлері

39. Қазақстан Республикасынан шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілген қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ шетелде іссапармен жүрген қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері шетелдегі Қазақстан Республикасының тиісті мекемелерінің есебінен қажетті медициналық жәрдемнің мынадай түрлерін:

а) ауруды тұрақты емдеу орнына (соның ішінде перзентхана да) жатқызуды талап ететін ауырған барлық жағдайда, сондай-ақ, егер бақытсыз жағдай салдарынан болмаған пластикалық-косметикалық операциялардан басқа, тұрақты жағдайда операцияны талап ететін барлық кезде - ауруханалық көмек алуға;

б) мамандандырылған емханалық медициналық жәрдемді (оның ішінде егер бақытсыз жағдайдың салдарынан болмаған протездеуден басқа, тіс емдеу) және кіші хирургиялық емді қосқанда, емханалық қызмет көрсетуді талап ететін барлық жағдайда, - емханалық жәрдем алуға;

в) науқас ауруханаға орналастырылмағанда және емханада емделе алмайтын жағдайда, - үйіне жәрдем алуға құқы бар.

Медициналық жәрдемге қаражат жұмсаудың тәртібі Қазақстан Республикасы министрлігінің (ведомствосының) өзіне қарасты шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелері үшін бекітілген ережелермен белгіленеді.

40. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлеріне шетелде бала туғанына, егер ата-аналардың біреуінің жалақысы ол еңбекақысының 50 процентінен аспайтын болса, Қазақстан Республикасының сол елдегі Елшісінің шетел валютасымен алатын еңбек ақысының 15 проценті мөлшерінде сол жерде шетел валютасымен біржолғы жәрдемақы төленеді.

41. Шетелде қызметкердің отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда оған шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі басшысының шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша әрбір жекелеген жағдайға белгіленген мөлшерде мекеменің есебінен жерлеуге біржолғы ақшалай жәрдемақы төленеді.

Қызметкердің өзі қайтыс болған жағдайда жерлеуге отбасы мүшелеріне оның соңғы лауазымы бойынша шетел валютасымен айлық еңбек ақысының мөлшерінде жәрдемақы төленеді. Қайтыс болған қызметкердің отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасындағы бұрынғы мекен-жайына қайтуы үшін осы Ережелердің 10-тармағында белгіленген нормалар бойынша жол шығындары өтеледі, бұл ретте жүк тасу жөніндегі шығындар қызметкердің немесе отбасы мүшесінің олардың қайтыс болғанға дейінгі тиесілі нормалары ескеріліп, төленеді.

42. Қазақстан Республикасынан жіберілген шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлерін, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінен сол жерде штаттағы қызметке қабылданғандарды әлеуметтік сақтандыруға тиісті министрліктер мен ведомстволар аталған қызметкерлерге теңгемен және шетел валютасымен төленетін жалақысы сомасынан Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген процентте Қазақстан Республикасында орталықтандырылған тәртіппен сақтандыру жарналарын төлейді.

3. Шетелден Қазақстан Республикасына кері қайтару

43. Шетелден қызметкерлер Қазақстан Республикасына шетелде олар жұмыс істеген жүйедегі министрліктің (ведомствоның) қарамағына қайтарылды.

Қазақстан Республикасына жүруіне байланысты шетелде жұмыстан босатылған қызметкерлерге осы Ережелердің 9-13-тармақтарында белгіленген жол жүру өтемақысы төленеді.

Қызметкердің және оның отбасы мүшелерінің жол жүру және жүк тасу құны шетелдегі жұмыс орнынан қызметкерді шетелге жіберген министрліктің (ведомствоның) орналасқан жеріне дейін немесе, егер қызметкер мен оның отбасы мүшелері сонда қайтатын болса, бұрынғы тұрақты мекен-жайына дейін

төленеді. Қызметкер тұрақты мекен-жайына оралған жағдайда оған жалақысы және жолда болған уақыты үшін лауазымдық ақысының 200 проценті есебінен тәуліктік ақы белгіленген үстемелерімен бірге теңгемен төленеді.

44. Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері шетелден Қазақстан Республикасына баратын кезде шетел аумағы бойынша жол жүрген уақыты үшін ақы осы Ережелердің 15-тармағына сәйкес теңгемен және шетел валютасымен, ал шекарадан өткен күннен бастап оның шетелдегі соңғы лауазымы бойынша үстемелерін қосқанда теңгемен алған лауазымдық еңбекақысының 200 проценті шамасында есептеледі.

45. Қызметкер жұмыстан босаған кезде шығу жәрдемақысы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген жағдайларда теңгемен алып жүрген лауазымдық ақысының 200 проценті есебінен төленеді.

46. Барлық өтемақылар қызметкер шетелде жұмыс істеген жүйедегі министрліктің (ведомствоның) есебінен төленеді.

47. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары қызметкерлер Қазақстан Республикасына оралған кезде оларға жұмыс беруге, шетелден оралған отбасы мүшелеріне олардың мекен-жайы, мамандықтары мен жұмыс тәжірибелерін ескере отырып, дер кезінде жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге м і н д е т т і .

48. Шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жіберілген қызметкерлердің, сондай-ақ сол жерде штаттағы қызметке қабылданған олардың отбасы мүшелерінің сол мекемелердегі жұмыс істеген уақыты - тұрақты мекен-жайына келе жатқандағы жол үстіндегі және шетелдегі жұмыс уақыты үшін пайдаланылмаған еңбек демалысының уақыттарын есептемегенде, Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін екі ай ішінде жұмысқа тұрған жағдайда мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы тағайындалғанда олардың үзіліссіз еңбек стажына есептеледі.

Егер, тұрақты мекен-жайына келе жатқандағы жол үстіндегі уақытын есептемегенде, Қазақстан Республикасына оралған күні мен жұмысқа тұрған күнінің арасындағы үзіліс екі айдан аспайтын болса, аталған қызметкерлердің шетелде болған уақытында Қазақстан Республикасының мекемелерінде жұмыс істемеген отбасы мүшелерінің еңбек стажы үзілмейді.

49. Егер қызметкер шетелге жіберілгенге дейін сыйақы немесе үстемеақы алуға құқық беретін қызмет істесе немесе сондай жұмыс атқарса және онда Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін екі ай ішінде (мекен-жайына бару мен шетелде жұмыс істеген уақыты үшін пайдаланылмаған демалысында жүрген уақытын есептемегенде) қолданылып жүрген ережелер бойынша аталған сыйақылар немесе үстемелер төленетін жұмысқа тұрса, шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелеріндегі жұмыс уақыты көп жылғы сіңірген еңбегі үшін

сыйақы алуға немесе мамандығы бойынша жұмыс стажы үшін үстемелер алуға құқық беретін еңбек стажын үзбейді. Қызметкермен бірге шетелде болған отбасы мүшелерінің стажы да осындай тәртіппен сақталады.

Егер қызметкер мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасына оралған соң шетелге жіберілгенге дейін жұмыс істеген кәсіпорынына жұмысқа орналасса, кәсіпорынның жалпы жылдық жұмыс қорытындылары үшін берілетін сыйақыларының мөлшерін белгілеген кезде ескерілетін үздіксіз еңбек стажын есептегенде де аталған тәртіп қолданылады.

50. Мамандығы бойынша жұмыс стажына (педагогикалық, медициналық және т.б.) шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелерінде осы мамандық бойынша жұмыс істеген уақыты кіреді.

І І І . І с с а п а р л а р

А. Қазақстан Республикасынан шетелге іссапарлар

51. Қазақстан Республикасынан шетелге қызмет бабымен іссапарына жіберілген қызметкерлердің жұмыс орны (қызметі) мен жалақысы сақталады.

52. Іссапарда жүрген кезінде қызметкерлерге тәуліктікақы төленеді, сондай-ақ жол жүру, жүк тасу, тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындары, шетелдік паспорт пен рұқсат қағаз үшін, халықаралық байланыс желілерін пайдаланғаны үшін, анықтамалар алғаны үшін, СПИД-тік тексерілуден өткені үшін (тиісті құжаттары болған кезде), сондай-ақ паспортын тіркеген және шетел валютасына ауыстырғандағы комиссиялық алым үшін шығындары өтеледі.

53. Іссапарда болған кезде тәуліктік ақылар:

а) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүргенде - Қазақстан Республикасының шегінде қызмет бабындағы іссапарларға ақы төлеу туралы заңдарда белгіленген нормалар бойынша теңгемен;

б) басқа елдердің шетелдік аумағында жол жүргенде және болған уақыты үшін - Қазақстан Республикасынан шетелге уақытша іссапарларға баратын қызметкерлер үшін белгіленген нормалар бойынша шетел валютасымен төленеді.

Қызметкерлердің жекелеген санаттарына осы Ережелердің N 1 қосымшасына сәйкес тәуліктік ақы нормаларына қоса шетел валютасымен үстемелер төленеді.

Тәуліктік ақы төлегенде осы Ережелердің 9-тармағында көзделген тиісті қағидалар қолданылады. Бұл ретте шетелге қызмет бабындағы іссапарға шыққан күні үшін, дәл осындай қайта оралғанда шекарадан өткен күні үшін тәуліктік ақы шетел валютасымен белгіленген нормалардың 100 проценті мөлшерінде төленеді.

Қызметкерді екі не одан да көп елге іссапарға жіберген кезде тәуліктік ақы бір елден екінші елге жүріп кеткен күніне қызметкер бара жатқан елдің нормасы бойынша 100 процент мөлшерінде шетел валютасымен төленеді.

5 4 . < * >

Тегін тұрғын үй берілген жағдайда, бұл мақсатқа төлем жасалмайды.

Ескерту. 54-баптың 1-абзацы күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.04.19. N 479 қаулысымен .

55. Іссапарға байланысты шығындар нормалар бойынша және шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне жұмысқа жіберілген қызметкерлерге арналған осы Ережелердің 10 және 13-тармақтарында көзделген тәртіппен, осы тармақта айтылған қағидалар ескеріле отырып, өтелінеді.

Тамақтану сомасы және тұрғын үй жалақысының есебіне енгізілген басқа да жеке қызмет көрсетулер тәуліктік ақы есебінен төленеді және өтелуге жатпайды.

Е с к е р т у .

Тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындар - сол ел бойынша да, тұтас алғанда басқа елдер бойынша да іссапардың жекелеген күндеріндегі артық шығындары есепке алынбай, әр тәулік үшін белгіленген нормалар шегінде өтеледі.

56. Егер шетелге іссапарға барған қызметкер сонда Қазақстан Республикасының мекемесіне тұрақты жұмысқа ауысса, онда оның іссапарға шығар кездегі алған өтемақылары есепке кіргізіліп, сол мекемеден Қазақстан Республикасынан шетелге жұмысқа жіберілгендер үшін белгіленген өтемақылар алады. Мұндай жағдайда қызметкердің жүк тасымалдау жөніндегі шығындары, бұрын төленген сомасы есепке алынбай, адам басына 80 кг, ал отбасына шаққанда 240 кг аспайтын мөлшерде өтеледі.

Шетелде уақытша іссапарларда болған қызметкерлерге олар үшін Қазақстан Республикасындағы жұмыс орны бойынша белгіленген сол ұзақтығындай жалпы негіздегі еңбек демалыстары беріледі.

Б. Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің шетелден Қазақстан Республикасына және шетелдегі іссапарлары

57. Шетелдегі қызметкерлерді Қазақстан Республикасына, сондай-ақ үшінші елдерге қызмет бабындағы іссапарларына жіберген кезде іссапарының мерзімін - жіберуші ұйым, ал елдің ішіндегі іссапарларда - шетелдегі Қазақстан Республикасының тиісті мекемесінің басшылығы белгілейді.

58. Іссапарлардың бүкіл уақытында қызметкерлердің атқарған лауазымы сақталады .

Қызмет бабындағы іссапармен шетел аумағында жүрген уақытында шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесі қызметкерлерінің жалақысы шетел валютасымен және теңгемен сақталады.

Қазақстан Республикасының аумағында қызмет бабындағы іссапарларда жүрген уақыты үшін оларға тәуліктік ақы Қазақстан Республикасының шегіндегі қызмет бабындағы іссапарлары үшін белгіленген нормалар бойынша, шетелден Қазақстан Республикасына және қайта оралған жол жүру құны, сондай-ақ егер іссапармен бара жатқан жері олардың тұрақты мекен-жайы болмаса, онда тұрғын үй жалдау жөніндегі нақты шығындары теңгемен төленеді.

Шетел аумағы бойынша жол жүру уақыты үшін қызметкерлерге шетелде жұмыс істеген уақытындағы сияқты сондай тәртіппен жалақы қызметкерлерді шетелге жұмысқа жібергенде олар үшін белгіленген нормалар бойынша шетел валютасымен тәуліктік ақы төленеді, сондай-ақ осы Ережелердің 55-тармағында көзделген тәртіппен және нормалар бойынша басқа шығындары да өтеледі.

59. Сол бір елдің ішіндегі іссапарлардың уақыты үшін тәуліктік ақы болған елдің ішкі іссапарларына белгіленген нормалар бойынша шетел валютасымен төленеді.

60. Шетелде бір елден екінші елге іссапарларға шыққан уақыты үшін қызметкерге тәуліктік ақы Қазақстан Республикасынан шетелге іссапармен баратын қызметкерлер үшін белгіленген нормалар бойынша шетел валютасымен төленеді. Қызметкерлердің жекелеген санаттарына осы Ережелердің N 1 қосымшасына сәйкес шетел валютасымен белгіленген тәуліктік ақы нормаларына үстемелер төленеді.

61. Қызметкерлер сол бір елдің ішінде немесе бір елден екінші елге іссапарларға жіберілген жағдайларда, тегін тамақпен және тұрғын үймен қамтамасыз етіледі, оларға осы Ережелердің 54-тармағында белгіленген қағидалар қолданылады.

62. Тәуліктік ақыны төлегенде осы Ережелердің 9-тармағында көзделген тиісті қағидалар қолданылады.

IV. Қорытынды Ережелер

63. Жұмысқа немесе шетелге іссапарға жіберілген не шетелден Қазақстан Республикасына қайтарылған барлық адамдарға, бір елден екінші елге ауыстырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетелден қызмет бабындағы іссапармен немесе еңбек демалысына баратын қызметкерлерге нысаналы жеріне жеткен соң есеп айырысу үшін негіз болатын ақшалық аттестаттар беріледі.

Аттестатта төлемдердің нормасы, маршруттары, қызметкердің баратын жері

және оның алған барлық ақшалай төлемдері, іссапарға шыққан кезде - сондай-ақ іссапардың мерзімі көрсетілуге тиіс.

Тиісті министрліктер (ведомстволар) аталған қызметкерлерді оларға шетел валютасымен берілген аванстың есептесу анықтамасымен, ол қызметкерлер жұмысқа немесе іссапарға жіберілген елдердегі жергілікті валютаны апару мен әкетуге қатысы бар валюталық шектеулермен және алған авансына есеп беретіндігі туралы, сондай-ақ шетел валютасының кем болып шыққаны үшін жауапкершілігі туралы қолданылып жүрген ережелермен таныстыруға міндетті.

64. Аяқталмаған есеп айырысу бойынша қызметкерге тиесілі шетел валютасындағы сома Қазақстан Республикасында төленуге тиіс болған жағдайда, бұл сома қызметкердің қалауы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша не шетел валютасымен, не теңгемен төленеді.

65. Шетелге жұмысқа немесе іссапарға жіберілген және өз есебіне шетел валютасын алған қызметкерлер қабылданылған есеп бойынша сомадан артық жұмсалған валютаның қалғанын дәлелсіз себептермен 15 күн ішінде өткізбеген жағдайда, мойнындағы қарызды төлем күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісінің бағамы бойынша теңгемен өтеуге міндетті.

66. Қызметкердің Қазақстан Республикасынан бұрын өзі жұмыс істеген елге қайтадан жіберілетіндігіне немесе басқа елге жіберілетіндігіне қарамастан, қызметкердің шетелге кеткен күнінен бастап есептегенде, жылға толмаса жаңа көтерме жәрдемақы берілмейді. Бұл ретте бір елден екінші елге ауысқан кезінде төленген көтерме жәрдемақы есепке алынбайды.

Қызметкерді Қазақстан Республикасына қайтарған кезде көтерме жәрдемақы т ө л е н б е й д і .

Өзіне қатыссыз себептерге байланысты (науқастану, мерзімінен бұрын қайтару және т.б.) қызметкер шетелден Қазақстан Республикасына мерзімінен бұрын оралған жағдайда алған көтерме жәрдемақысы қайтарылмайды.

67. Қазақстан Республикасының шетелдегі қызметкерлері жиһазы бар пәтерлермен осы Ережелердің N 6 қосымшасында көрсетілген тәртіппен және нормалар бойынша қамтамасыз етіледі.

68. Шетелде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек даулары сол жердегі әкімшілікпен бірлесіп кәсіподақ комитетінде (кәсіподақ ұйымдастырушысымен) қаралады.

Егер еңбек дауы бойынша келісімге келмесе, не еңбеккер қабылданған шешіммен келіспесе, бұл іске мүдделі қызметкер қабылданған шешім туралы хабардар етілген күннен бастап, 10 күн мерзімі ішінде дауды шешу туралы Қазақстан Республикасы кәсіподақтары Федерациясының Кеңесіне арыз беруге қ ұ қ ы б а р .

Қазақстан Республикасының кәсіподақтары Федерациясының Кеңесі тиісті

министрлік (ведомство) өкілінің қатысуымен еңбек дауының негізі бойынша
с о ң ғ ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

69. Шетелдегі қызмет бабындағы іссапардан келген адамдар 5 күн мерзім ішінде жұмсалған сомалар туралы аванстық есеп түсіруге міндетті.

Аванстық есепке: тұрғын үй жалдау жөніндегі, екі жағына жол жүру (таксиден басқа) жөніндегі құжаттар, шетелдік паспорттың көшірмесі, валюта айырбастау жөніндегі алым үшін банктің түбіртектері, өкілдік мақсаттарға жұмсалған шығындардың құжаттары қосылады. Өкілдік мақсаттарға жұмсалған шығындардың құжаттары болған елдегі Қазақстан Республикасы елшілігінің (өкілдіктерінің, консульстволарының) өкілі тарапынан құпталуы және елтаңбалы мөрмен расталуы немесе делегацияның үш мүшесі тарапынан жазбаша түрде қ ұ п т а л у ы т и і с .

70. Шетелдегі қызметкердің жалақысынан табыс салығын төлеу Қазақстан Республикасында қабылданған нормативтік актілерге сәйкес табысы туралы Декларацияның негізінде жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
қ ы з м е т к е р л е р і н і н ш е т е л д е г і
е ң б е к е т у ж а ғ д а й л а р ы т у р а л ы
е р е ж е л е р г е
N 1 қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.10.22. N 1586 қаулысымен. P991586_

Тәуліктік нормаларға шетел валютасындағы проценттік үстемеақылар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін белгіленген тәуліктік нормаларға шетел валютасындағы проценттік ү с т е м е а қ ы л а р :

Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламент Сенатының Төрағасына, Парламент Мәжілісінің Төрағасына, Премьер-Министріне, Президенті Әкімшілігінің Басшысы мен Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына, Премьер-Министрінің орынбасарларына - 30 процент мөлшерінде;
мемлекеттік органдардың басшыларына, облыс әкімдеріне, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне, Парламент Сенаты мен Парламент Мәжілісі төрағаларының орынбасарларына, Парламент Палаталары тұрақты комитеттерінің төрағаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасына - 20 процент мөлшерінде;

Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министрдің Кеңсесі Басшыларының орынбасарларына, Парламент Сенаты мен Парламент Мәжілісі Аппараттарының

Басшыларына, мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарларына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасарларына, Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі мен жеке күзетінің бастықтарына - 15 процент мөлшерінде төленеді.

Шетелдегі Қазақстан Республикасы
қызметкерлерінің еңбек жағдайлары
туралы ережелерге

№ 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы мекемелерінің
қызметкерлері үшін олардың теңгемен алатын
лауазымдық еңбекақыларына 50 проценттік үстеме
белгіленген климаттық жағдайлары ауыр елдердің
Тізбесі**

Ангола
Бангладеш
Бахрейн
Бенин
Бирма
Боливия
Ботсвана
Буркина-Фасо
Бурунди
Вьетнам
Габон
Гайана
Гана
Гвинея
Гвинея-Бисау
Джибути
Заир
Замбия
Зимбабве
Үндістан
Йемен Республикасы
Кабо-Верде
Камерун
Кампучия
Кения
ҚХР<*>

Комор аралдары
Конго
КХДР
Кот-Д'ивуар
Куба
Кувейт
Лаос
Либерия
Лесото
Маврикий
Мавритания
Малагасий Республикасы
Мали
Мозамбик
Нигер
Нигерия
Біріккен Араб Эмираттары
Папуа-Жаңа Гвинея
Руанда
Сан-Томе және Принсипи
Сауд Аравиясы
Сейшель аралдары
Сенегал
Сингапур
Сьерра-Леоне
Сомали
Судан
Суринам
Танзания
Того
Уганда
Орталық-Африка Республикасы
Чад
Экваториалды Гвинея
Эфиопия

<*>ҚХР-да үстемақы 40 процент мөлшерінде белгіленген.

Шетелдегі Қазақстан Республикасы
қызметкерлерінің еңбек жағдайлары

туралы ережелерге

№ 3 қосымша

**Ауа райы ыстық және ылғалды елдердегі
Жұмыс уақытының ұзақтығы туралы**

Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің ауа райы ыстық және ылғалды елдердегі қызметкерлері үшін мына төмендегі айларға 36 сағаттық

жұмыс аптасы белгіленеді:

Алжир	- маусым-қыркүйек
Аргентина	- желтоқсан-наурыз
Ауғанстан	- мамыр-тамыз
Бангладеш	- жыл бойы
Бахрейн	- жыл бойы
Бенин	- жыл бойы
Бирма	- жыл бойы
Боливия	- жыл бойы
Бразилия	- жыл бойы
Буркина-Фасо	- жыл бойы
Бурунди	- жыл бойы
Венесуэла	- мамыр-қыркүйек
Вьетнам	- наурыз-қараша
Габон	- жыл бойы
Гайана	- жыл бойы
Гана	- жыл бойы
Гвинея	- жыл бойы
Гвинея-Бисау	- жыл бойы
Греция	- маусым-қыркүйек
Египет	- маусым-қыркүйек
Заир	- жыл бойы
Замбия	- жыл бойы
Израиль	- маусым-тамыз
Үндістан	- жыл бойы
Индонезия	- жыл бойы
Иордания	- маусым-тамыз
Ирак	- сәуір-қазан
Иран	- маусым-тамыз
Йемен Республикасы	- жыл бойы
Камбоджа	- жыл бойы
Камерун	- жыл бойы
Кения	- жыл бойы

Кипр	- маусым-тамыз
Қытай	- маусым-тамыз
Конго	- жыл бойы
КХДР	- шілде-тамыз
Кот-Д'ивуар	- жыл бойы
Куба	- маусым-қыркүйек
Кувейт	- жыл бойы
Лаос	- жыл бойы
Либерия	- жыл бойы
Ливан	- маусым-тамыз
Ливия	- маусым-тамыз
Маврикий	- жыл бойы
Мавритания	- жыл бойы
Мадагаскар	- жыл бойы
Малайзия	- жыл бойы
Мали	- жыл бойы
Марокко	- маусым-қыркүйек
Нигер	- жыл бойы
Нигерия	- жыл бойы
Біріккен Араб Эмираттары	- жыл бойы
Пәкстан	- жыл бойы
Перу	- желтоқсан-наурыз
Руанда	- жыл бойы
Сенегал	- жыл бойы
Сингапур	- жыл бойы
Сирия	- маусым-тамыз
Сомали	- жыл бойы
Судан	- жыл бойы
Сьерра-Леоне	- жыл бойы
Таиланд	- жыл бойы
Танзания	- жыл бойы
Того	- жыл бойы
Тунис	- маусым-тамыз
Туркия	- 15-ші маусымнан - 31-ші тамызға дейін
Уганда	- жыл бойы
Уругвай	- желтоқсан-наурыз
Орталық Африка Республикасы	- жыл бойы
Чад	- жыл бойы
Шри Ланка	- жыл бойы

Эквадор - жыл бойы
 Экваториалды Гвинея - жыл бойы
 Эфиопия - жыл бойы
 Ямайка - мамыр-қазан
 Жапония - маусым-тамыз

Шетелдегі Қазақстан Республикасы
 қызметкерлерінің еңбек жағдайлары
 туралы ережелерге
 N 4 қосымша

**Климат жағдайлары ауыр елдердегі Қазақстан
 Республикасы мекемелерінің қызметкерлері
 үшін белгіленген Жыл сайынғы кезекті
 Демалыстарының ұзақтығы**

Елдердің атауы	! Демалыстардың ұзақтығы
	! -----
	! нормаланбаған ! нормаланған
	! жұмыс күнімен ! жұмыс күнімен

	1	!	2	!	3

Австралия	30		24		
Алжир	36		24		
Ангола	48		36		
Аргентина	30		24		
Ауғанстан	36		24		
Бангладеш	48		36		
Бахрейн	48		36		
Бенин	48		36		
Бирма	48		36		
Боливия	48		36		
Ботсвана	48		36		
Бразилия	36		24		
Буркина-Фасо	48		36		
Бурундия	48		36		
Венесуэла	36		24		
Вьетнам	48		36		
Габон	48		36		
Гайана	48		36		

Гана	48	36	
Гвинея	48	36	
Гвинея-Бисау	48	36	
Гренада	36	24	
Джибути	48	36	
Египет	36	24	
Заир	48	36	
Замбия	48	36	
Зимбабве	48	36	
Израиль	36	24	
Үндістан	48	36	
Индонезия	48	36	
Иордания	36	24	
Ирак	48	36	
Иран	48	36	
Исландия	36	24	
Йемен Республикасы		48	36
Кабо-Верде	48	36	
Камбоджа	48	36	
Камерун	48	36	
Катар	48	36	
Кения	48	36	
Қытай	36	24	
Кипр	30	24	
Колумбия	48	36	
Комор аралдары		48	36
Конго	48	36	
КХДР	36	24	
Корея Республикасы		36	24
Коста-Рика	36	24	
Кот-Д'ивуар	48	36	
Куба	36	24	
Кувейт	48	36	
Лаос	48	36	
Лесото	48	36	
Либерия	48	36	
Ливан	42	30	
Ливия	42	30	
Маврикий	48	36	

Мавритания	48	36	
Малагас Республикасы		48	36
Малайзия	48	36	
Мальта	30	24	
Мали	48	36	
Марокко	30	24	
Мексика	36	24	
Мозамбик	48	36	
Монголия	36	24	
Непал	48	36	
Нигер	48	36	
Нигерия	48	36	
Никарагуа	48	36	
Жаңа Зеландия	30	24	
Оман	48	36	
Біріккен Араб Эмираты		48	36
Пәкстан	48	36	
Папуа-Жаңа Гвинея		48	36
Перу	36	24	
Руанда	48	36	
Сан-Томе и Принсипи		48	36
Сауд Аравиясы	48	36	
Сейшель аралдары	48	36	
Сенегал	48	36	
Сингапур	48	36	
Сирия	36	24	
Сомали	48	36	
Судан	48	36	
Суринам	48	36	
Сьерра-Леоне	48	36	
Таиланд	48	36	
Танзания	48	36	
Тунис	36	24	
Түркия (Ыстамбұл қаласы)		30	24
Түркия (Анкара қаласы)		36	24
Уганда	48	36	
Уругвай	30	24	
Филиппин	48	36	
Орталық Африка Республикасы		48	36

Чад	48	36
Чили	30	24
Шпицберген (арал)	54	30
Шри-Ланка	48	36
Эквадор	42	30
Экваториалды Гвинея	48	36
Эфиопия	48	36
ОАР	36	24
Ямайка	42	30
Жапония	36	24

Шетелдегі Қазақстан Республикасы
қызметкерлерінің еңбек жағдайлары
туралы ережелерге
N 5 қосымша

**Шетелдегі Қазақстан Республикасының
мекемелеріне Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің
отбасы мүшелерінен сол жерде қабылданған
Штаттан тыс қызметкерлерінің
еңбек жағдайлары**

1. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің штаттан тыс қызметкерлері - бұлар мекеменің штаттық есебіне алынбай жұмыс істейтін
а д а м д а р .

Штаттан тыс қызметкерлер белгілі бір мерзімге жасалған жазбаша еңбек шарттары (еңбек келісімдері) бойынша жұмысқа қабылданады да кейіннен шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемесі бойынша бұйрықпен ресімделеді.

Еңбек шартында жұмыс атауы (түрі, сипаты), оның орындалу мерзімі мен еңбекке ақы төлеу жағдайлары көрсетіледі.

Штаттан тыс қызметкерлерге шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелерінде енгізілген ішкі еңбек тәртібінің ережелері қолданылады.

2. Штаттан тыс қызметкерлерге ақы еңбек еткен уақытына немесе атқарған жұмысына пара-пар төленеді, бірақ бұл шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемесіндегі дәл осындай лауазымға көзделген шетел валютасымен берілетін еңбек ақысының 50 процентінен артық болмауға, еңбекке ақы төлеу қорының ш е г і н д е б о л у ғ а т и і с .

Шетелдегі Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің отбасы мүшелері шетелдегі Қазақстан Республикасының мекемелеріне толық емес жұмыс күніне немесе толық емес жұмыс аптасына штаттан тыс қызметкерлер ретінде жұмысқа т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Штаттан тыс қызметкерлердің шетелдегі жұмыс уақытына теңгемен жалақы төленбейді.

3. Штаттан тыс қызметкерлер нормалы жұмыс күні болатын Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері үшін ұзақтығы сол барған елінде белгіленген жыл сайынғы демалысын алу құқығын пайдаланады.

Штаттан тыс қызметкерлердің демалыс уақыты үшін мына тәртіппен:

а) Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылған демалыс уақыты үшін штаттан тыс қызметкер атқарған жұмысқа сәйкес келетін тиісті министрлік (ведомство) жүйесіндегі лауазым бойынша белгіленген лауазымдық ақыға қарай жалақысы теңгемен ғана төленеді;

б) барған елінде пайдаланылған демалыс уақыты үшін жалақысы Қазақстан Республикасына оралған соң осы тармақтың "а" тармақшасында белгіленген тәртіп бойынша теңгемен ғана төленеді.

Жұмыстан босаған кезде пайдаланылмаған демалысы үшін ақшалай өтемақы осындай тәртіппен төленеді.

Демалысын Қазақстан Республикасында өткізу үшін жылына бір рет жол жүру құны төленеді; бұл ретте демалысын өткізу үшін жолға шыққанда жүк тасымалына төленбейді.

4. Штаттан тыс қызметкерлер мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жатады.

Барған елінде уақытша еңбекке жарамсыз болып қалғанда, штаттан тыс қызметкерлерге ауырған барлық уақыты үшін, бірақ төрт айдан аспайтын уақытқа, шетел валютасымен жалақы төленеді.

Егер уақытша еңбекке жарамсыздық Қазақстан Республикасына келген кезеңінде болса, онда оларға осы қосымшаның 3-тармағының "а" тармақшасында көзделген лауазымдық ақысының (тарифтік ставкасының) есебінен теңгемен жәрдемақы төленеді.

Жүктілігі мен босануы жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген ұзақтықта демалыс беріледі.

Жүктілігі мен босануы жөніндегі демалысты сол барған елінде пайдаланылған уақыты үшін жалақысы шетел валютасымен сақталады. Егер демалыс Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылса, онда жүктілігі мен босануы жөніндегі жәрдем ақы осы қосымшаның 3-тармағының "а" тармақшасында көзделген лауазымдық ақысының (тарифтік ставкасының) есебінен теңгемен төленеді.

5. Штаттан тыс жұмыс уақыты жалпы еңбек стажына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын ережелерге сәйкес үздіксіз еңбек стажына да қосылады.

6. Қызметкер Қазақстан Республикасына қайта оралғанда өзі шетелде осы жүйеде жұмыс істеген министрлікте (ведомствода) шетелдегі Қазақстан

Республикасы мекемесінің тиісті анықтамасының негізінде жұмысы туралы оның еңбек кітапшасына жазба түсіріледі.

7. Штаттан тыс қызметкерлердің еңбек даулары шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен каралады.

Шетелдегі Қазақстан Республикасы
қызметкерлерінің еңбек жағдайлары
туралы ережелерге
N 6 қосымша

**Шетелдегі Қазақстан Республикасы
мекемелерінің қызметкерлерін жиһазы бар
пәтерлермен және коммуналдық қызмет көрсетумен
қамтамасыз ету тәртібі туралы**

Ереже

1. Шетелдегі Қазақстан Республикасы мекемелерінің қызметкерлері тұрғын үй алаңы нормаларының шегінде тиісті мекемелердің сметалары бойынша бөлінген қаражат есебінен төленетін жиһазы бар пәтерлермен (коммуналдық қызмет көрсетусіз) қамтамасыз етіледі.

2. Шетелдегі Қазақстан Республикасының қызметкерлері тұрғын үй алаңымен бір адамға 12 шаршы метрден келетін есеппен қамтамасыз етіледі.

Тұрғын алаңға жататын бөлмелер, залдар, ас ішетін бөлмелер, холлдар кіреді. Ас істейтін және басқа қосалқы бөлмелер алаңы тұрғын үй алаңына кірмейді. Қызметкерлерге уақытша пайдалану үшін берілген жиһаз үшін ақы алынбайды.

Ескерту. Техникалық және басқа да көмек көрсету үшін шетелге жіберілген мамандардың коммуналдық жағынан қамтылуымен қоса тұрғын үй жалдау жөніндегі шығындары Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген нормалар бойынша төленеді.

3. Тұрғын үй алаңы шетелдегі мекеменің сметалық есебінен отбасы мүшелерінен жұмыс істейтін біреуіне ғана беріледі.

4. Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің нақты иемденген тұрғын үй алаңы осы Ереженің 2-тармағында көзделген нормадан артық болған жағдайда нормадан үстеме шығындар олардың жалақысы есебінен нақтылы шығындар бойынша төленуі тиіс.

5. Шетелдегі Қазақстан Республикасының қызметкерлерін осы қосымшаның 2-тармағында көзделген нормалар шегінде Қазақстан Республикасы мекемелерінің үйлерінен, мекеменің жалға алған үйлерінен (жалпы үйлердегі жеке пәтерлерден) жиһазы бар тұрғын алаңдармен қамтамасыз ету үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің

б а с ш ы л а р ы н а ж ү к т е л е д і .

6. Қызметкерлерге берілген тұрғын үй алаңы бойынша және соған байланысты коммуналдық қызмет көрсетулердің (электр энергиясы, газ, жылу, сумен жабдықтау, ортақ пайдаланудағы орындарды тазалау) нақтылы шығындары лауазымдық ақысының 10 процентінен аспайтын мөлшерде қызметкерлердің шетел валютасымен алатын жалақысының есебінен төленеді. Шетел валютасымен алатын лауазымдық ақысының 10 процентінен асатын коммуналдық қызмет көрсету шығындары тиісті мекемелердің сметалары бойынша бөлінген қаражат есебінен төленеді.

Қызметкерлердің коммуналдық қызмет көрсетуге байланысты нақтылы шығындарының сомасын анықтағанда жоғарыда аталған қызмет көрсетулер ғана есепке алынады.